

В. В. МОСКАЛЕНКО

ЭЛЕКТРОМОНТЕРДІҢ АНЫҚТАМАЛЫҒЫ

*«Білім беруді дамытудың федералды институты»
федералды мемлекеттік автономдық мекемесі
бастауыш кәсіби білім беру бағдарламаларын іске асыратын
білім беру мекемелерінің оқу үдерісінде пайдалануға арналған
оқу құралы ретінде ҰСЫНҒАН*

*Пікірдің тіркеу нөмірі 786
26 желтоқсан 2012 жыл «БДФИ» ФМAM*

8-ші басылым, стереотипті



Мәскеу

«Академия» баспа орталығы

2014

ӨОЖ 621.3(075.32)

КБЖ 31.2ші722

M82

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес ««ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды.

Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19,

«Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

Пікір беруші:

О.А. Терешко - «ВИПКЭНЕРГО» энергетиктердің біліктілігін арттыру институтының ректоры, т.ғ.д., проф.;

С. О.Шевалье - КЛ-1 БКБ МБМ директорының ӨОЖ жөніндегі орынбасары, Кемерово қ.;

Е.В.Ерохова - КЛ-18 БКБ МБМ арнайы пәндер оқытушысы, Кингисепп қ.

Москаленко В.В.

M82 Электромонтердің анықтамалығы: орта білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы /В. В. Москаленко. – 8-ші басылым, стер. – М.: «Академия» баспа орталығы, 2014. – 368 б.

ISBN 978-601-333-030-3 (каз.)

ISBN978-5-4468-1193-9 (рус.)

Электр жабдығының негізгі түрлері: кабель және электрлі оқшаулағыш бұйымдардың, кернеуі төмен және жоғары электр аппараттарының, трансформаторлардың, электрлі машиналардың, жартылай өткізгіш аспаптар мен түрлендіргіштердің, резисторлардың, конденсаторлар мен реакторлардың, электр жетектері мен электр технологиялық қондырғылардың және жарықтандыру аспаптарының арнаулы мен техникалық сипаттамалары және мәліметтер қамтылған. Сондай-ақ, электр техникасынан мәліметтер, электр жабдығын таңдау және тексеру үшін есептік арақатынастар келтіріліп, типтес есептерді шешу мысалдары көрсетіледі.

Анықтамалық «Электр жабдығын жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі электромонтер (салалар бойынша)» кәсібін игеру кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған.

ӨОЖ 621.3(075.32)

КБЖ 31.2ші722

Оқу басылымы

Владимир Валентинович Москаленко

Электромонтердің анықтамалығы

Оқу құралы

8-ші басылым, стереотипті

Редактор Ә.Қ.Шапауов, Техникалық редактор О.Н.Крайнова

Компьютерлік беттеу: Н. В. Протасова

Корректорлар Н.Л.Котелина, И.В.Мозилевец

ISBN 978-601-333-030-3 (каз.)

© Москаленко В.В., 2012

ISBN978-5-4468-1193-9 (рус.)

© «Академия» білім беру-баспа орталығы, 2012

© Ресімдеу. «Академия» баспа орталығы, 2012

КІРІСПЕ

Электр энергиясын түзу, бөлу, түрлендіру және оны пайдалану алуан түрлі электр-техникалық және электр-механикалық жабдықтың көмегімен жүзеге асырылады. Жаңа сындарлы шешімдерді, материалдар мен элементтерді дайындау технологияларын қолдану есебінен үздіксіз жетілдіріліп отырады.

Осындай техникалық ілгерілеудің аса маңызды бағыттарының бірі – жартылай өткізгіш элементтер мен құрылғыларды, есептеу техникасы құралдарын кеңінен пайдалануға байланысты болып отыр. Бұл электр жабдығының функционалдық мүмкіндіктерін және қолдану аясын кеңейтуге, электр жабдығының да, ол қызмет көрсететін технологиялық агрегаттардың, жұмыс машиналары мен механизмдерінің де техникалық-экономикалық сипаттамаларын, жұмыс сенімділігін және пайдалану ыңғайлығын жоғарылатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, электр жабдығын орнатумен, ретке келтірумен, пайдаланумен, жөндеумен және жаңғыртумен айналысатын электр-техникалық персоналдың біліктілігіне қойылатын талаптар деңгейі де арта түсті.

Оқу құралы студенттерге қарапайым болмаса да, қызықты әрі келешегі бар болып саналатын электрик пен электромеханик мамандықтарын игеруге көмектеседі. Мұнда дәстүрлі әрі бұрыннан қолданылатын электр жабдығымен қатар, жаңа жабдықтар, оның ішінде жартылай өткізгіш автоматика құрылғылары, электр энергиясының күш түрлендіргіштері және микропроцессорлық басқару құралдары көрсетілген.

Электр техникасынан қысқаша мәліметтер мен тиісті тарауларда келтірілген талдамалық өрнектер электр жабдығын оның техникалық параметрлері бойынша таңдау және тексеру кезінде көмектеседі. Материалды түсіндіру барысында типтес есептерді шешу мысалдары қоса келтіріледі, ал материалды игеру дәрежесін тексеру үшін әрбір тараудың соңында бақылау сұрақтары келтірілген.

Оқу құралының ерекшелігі – отандық электр жабдығының жаңа түрлері де, қолданыстағы түрлері де қарастырылады.

ЭЛЕКТР ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР**1.1. Электр-техникалық шамалар, олардың белгіленулері мен өлшем бірліктері**

Ғылым мен техникада Халықаралық бірліктер жүйесі (СИ) пайдаланылады, онда келесідей негізгі бірліктер мен олардың белгіленулері қабылданған:

метр (м, m) — жарық вакуумда $1/299\,792\,458$ секунд үлесі ішінде өтетін қашықтыққа тең ұзындық бірлігі;

килограмм (кг, kg) – халықаралық килограмм прототипінің массасына тең салмақ бірлігі;

секунда (с, s) – цезий-133 атомының негізгі күйінің екі аса жұһінішке деңгейлерінің арасындағы өтуге сай сәулелендірудің $9\,192\,631\,770$ кезеңдеріне тең уақыт бірлігі;

ампер (А) – ұзындығы шексіз екі параллель тікелей өткізгіштер мен вакуумда бір-бірінен 1 м қашықтықта орналасқан тым аз көлденең дөңгелек қима бойынша өте отырып, ұзындығы 1 м өткізгіштің әрбір учаскесінде $2 \cdot 10^{-7}$ Н-қа тең өзара әрекеттесу күшін тудыруы мүмкін өзгермейтін тоқ күшіне тең электр тоғы күшінің бірлігі;

кельвин (К) – судың үш нүктелі термодинамикалық температурасының $1/273,16$ бөлігіне тең термодинамикалық температура бірлігі (Т). Цельсий градустарын (t) да қолдануға болады. Олардың байланысы мынадай арақатынас арқылы анықталады

$$t = T - T_0, \text{ где } T_0 = 273,15 \text{ К};$$

моль (моль, mol) – массасы 0,012 кг көмірсутек-12 қамтитын атомдар сияқты құрылымдық элементтерді қамтитын жүйенің зат көлеміне тең зат көлемінің бірлігі;

кандела (кд, cd) – энергетикалық жарық күші $1/683$ Вт/ср құрайтын, берілген бағытта $540 \cdot 10^{12}$ Гц жиілікпен монохроматикалық сәулелендіру шығаратын жарық көзінің күшіне тең жарық күшінің бірлігі.

СИ жүйесіндегі қосымша бірліктер:

радиан (рад, rad) – шеңбердің екі радиусы арасындағы доға ұзындығы сол радиусқа тең болатын сол радиустар арасындағы бұрышқа тең жазық бұрыш бірлігі ($1 \text{ рад} = 57^\circ 17' 44,8''$);

стерадиан (ср, sr) – сфера бетінде қыры оның радиусына тең квадрат ауданына тең ауданды кесетін, сфера ортасында шыңы бар

денелік бұрышқа тең денелік бұрыш бірлігі.

Негізгі электрлі, магниттік және механикалық шамалар, олардың бірліктері мен белгіленулері 1.1-1.3 кестелерде келтірілген.

1.1-кесте

Электрлі шамалардың бірліктері

Шаманың атауы	Бірліктің атауы	СИ негізгі бірліктері арқылы өрнектеу	Шартты белгіленуі
Электр тогы	ампер	A	I
Электр қуаты көлемі, электрлі заряд	кулон	$A \cdot c$	q
Электрлі әлеует, кернеу, электр қозғаушы күш (ЭҚК)	вольт	$V = \text{кг} \cdot \text{м}^2 / (A \cdot \text{с}^3)$	U
Электр өрісінің кернеулігі	вольт метрге	$V/m = \text{кг} \cdot \text{м} / (A \cdot \text{с}^3)$	H
Электрлі сыйымдылық	фарад	$A^2 \cdot \text{с}^4 / (\text{кг} \cdot \text{м}^2) = \text{с} / \text{Ом}$	c
Электрлі кедергі	ом	$\text{кг} \cdot \text{м}^2 / (A^2 \cdot \text{с}^3) = V / A = \text{Ом}$	R
Толық қуаттылық	вольт-ампер	$V \cdot A$	S
Белсенді қуаттылық	ватт	$V \cdot A$	P
Реактивті қуаттылық	вар	вар	Q
Энергия (жұмыс)	джоуль	$V \cdot A \cdot \text{с}$	J

1.2-кесте

Магниттік шамалардың бірліктері

Шаманың атауы	Бірліктің атауы	СИ негізгі бірліктері арқылы өрнектеу	Шартты белгіленуі
Магниттік ағын	вебер	$\text{кг} \cdot \text{м}^2 / (A \cdot \text{с}^2) = V \cdot c$	Φ
Магниттік индукция	тесла	$\text{кг} / (A \cdot \text{с}^2)$	B
Абсолютті магниттік өтімділік	генри метрге	$\text{кг} \cdot \text{м} / (A^2 \cdot \text{с}^2) = \Gamma_{\text{H}} / \text{м}$	B

Шаманың атауы	Бірліктің атауы	СИ негізгі бірліктері арқылы өрнектеу	Шартты белгіленуі
Магниттік өрістің кернеулігі	ампер метрге	A/м	H_m
Индуктивтілік және өзара индуктивтілік	генри	$\text{кг} \cdot \text{м}^2 / (\text{А}^2 \cdot \text{с}^2) =$ $= \text{В} \cdot \text{с} / \text{А} = \text{Вб} / \text{А} =$ $= \text{Ом} \cdot \text{с} = \text{Гн}$	L
Магнитті қозғаушы күш, магниттік әлеуеттердің айырмасы	ампер	A	F_m
Магниттік кедергі	ампер веберге	$\text{с}^2 \cdot \text{А}^2 / (\text{м}^2 \cdot \text{кг}) =$ $= \text{А} / \text{Вб} = 1 / \text{Гн}$	R_m
Магниттік өткізгіштік	вебер амперге	$\text{м}^2 \cdot \text{кг} / (\text{с}^2 \cdot \text{А}^2) =$ $= \text{Гн} = \text{Вб} / \text{А}$	E_m

1.3-кесте

Механикалық шамалардың бірліктері

Шаманың атауы	Бірліктің атауы	СИ негізгі бірліктері арқылы өрнектеу	Шартты белгіленуі
Ұзындық	метр	м	L
Салмақ	килограмм	кг	m
Уақыт	секунд	с	t
Аудан	шаршы метр	м^2	S
Көлем	текше метр	м^3	V
Күш	ньютон	$\text{кг} \cdot \text{м} / \text{с}^2$	F
Тығыздық	килограмм текше метр	$\text{кг} / \text{м}^3$	ρ
Күш моменті	ньютон-метр	$\text{кг} \cdot \text{м}^2 / \text{с}^2 = \text{Н} \cdot \text{м}$	M
Жұмыс, энергия	джоуль	$\text{кг} \cdot \text{м}^2 / \text{с}^2 = \text{Дж}$	J
Қуаттылық	ватт	$\text{кг} \cdot \text{м}^2 / \text{с}^3 =$ $= \text{Дж} / \text{с} = \text{Вт}$	P
Қысым	паскаль	$\text{кг} / (\text{м} \cdot \text{с}^2) =$ $= \text{Н} / \text{м}^2 = \text{Па}$	P

Шаманың атауы	Бірліктің атауы	СИ негізгі бірліктері арқылы өрнектеу	Шартты белгіленуі
Инерция сәті (динамикалық)	килограмм-шаршы метр	$\text{кг} \cdot \text{м}^2$	J
Жылдамдық	метр секунд	м/с	v
Үдеу	шаршы метр секунды	$\text{м}/\text{с}^2$	a
Бұрыштық жылдамдық	радиан секундқа	рад/с	ω
Бұрыштық үдеу	радиан шаршы секундқа	$\text{рад}/\text{с}^2$	ε
Кезең	секунда	с	T
Кезеңді үдеріс жиілігі	герц	$\text{с}^{-1} = \text{Гц}$	f

1.4-кесте

Энергия бірліктерінің арақатынастары

Бірлік	Дж	кВт · ч	кТс-м	ккал
1 Дж	1	$2,78 \cdot 10^{-6}$	0,102	$2,39 \cdot 10^{-4}$
1 кВт·ч	$3,6 \cdot 10^6$	1	$3,67 \cdot 10^5$	860
1 кгс · м	9,81	$2,72 \cdot 10^{-6}$	1	$2,34 \cdot 10^{-3}$
1 ккал	$4,19 \cdot 10^3$	$1,16 \cdot 10^{-3}$	427	1

1.5-кесте

Қуат бірліктерінің арақатынастары

Бірлік	Вт	кВт	кгс · м/с	л.с	ккал/с
1 Вт	1	$1 \cdot 10^{-3}$	0,102	$1,36 \cdot 10^{-3}$	$2,39 \cdot 10^{-4}$
1 кгс · м/с	9,81	$9,81 \cdot 10^{-3}$	1	$1,33 \cdot 10^{-2}$	$2,34 \cdot 10^{-3}$
1 л.с	0,736	0,736	75	1	0,176
1 ккал/с	$4,19 \cdot 10^3$	4,19	427	5,69	1

Техникада басқа да шама бірліктері қолданылады. Олардың СИ жүйесінің энергия мен қуат бірліктерімен арақатынастары 1.4 және 1.5-кестелерде келтірілген.

Ғылым мен техниканың кейбір облыстарында басқа да жеке бірліктер жүйелері қолданылады, мысалға: МКС, МКСА, СГС және т.б. Осы жүйелердің және СИ жүйесінің арақатынасы [1, 22]-де келтірілген.

Маңызды физикалық тұрақтылар:

еркін құлау үдеуі.....	$g_0 = 9,80665 \text{ м/с}^2$
электрон заряды.....	$e = 1,602 \cdot 10^{-19} \text{ Кл}$
электрон тыныштығының массасы.....	$m_e = 9,109 \cdot 10^{-28} \text{ г}$
магнитті тұрақты.....	$\mu_0 = 4\pi \cdot 10^{-7} \text{ Гн/м}$
электрлі тұрақты.....	$\epsilon_0 = 1/(\mu_0 c^2) = 8,86 \cdot 10^{-12} \text{ Ф/м},$
мұндас = 299 792458 м/с — вакуумдағы жарықтың жылдамдығы	
гравитациялық тұрақты.....	$G = 6,67 \cdot 10^{-11} \text{ Н} \cdot \text{м}^2/\text{кг}^2$
Планк тұрақтысы.....	$h = 6,625 \cdot 10^{-34} \text{ Дж} \cdot \text{с}$
Больцман тұрақтысы.....	$k = 1,38 \cdot 10^{-23} \text{ Дж/К}$
эмбебап газды тұрақты.....	$R = 8,314 \text{ Дж/(К} \cdot \text{моль)}$
идеалды газдардың көлемді кеңеюінің температуралық коэффициенті.....	$\alpha = 0,00366 \text{ К}^{-1}$
Авогадро саны.....	$N_A = 6,022 \cdot 10^{23} \text{ молекул/моль}$
Фарадей саны.....	$F = 96 485 \text{ Кл/моль}.$

1.2. Электр техникасы мен электр жабдығының негізгі түсініктері

Электротехника — ғылым мен техниканың энергияны түрлендіру, заттарды алу, материалдарды өңдеу, ақпаратты беру үшін электрлі және магниттік құбылыстарды қолданумен байланысты болатын және электр энергиясын алу, түрлендіру, беру, бөліп тарату және пайдалану мәселелерін қамтитын саласы. Электр техникасының мәні адам өмірінің барлық тәжірибелік салаларында эмбебап әрі ыңғайлы энергия түрі ретінде электр энергиясын кеңінен пайдаланумен айқындалады.

Электрмен қамсыздандыру — әртүрлі тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз ету шараларының жиынтығы.

Электр энергиясын тұтынушы — технологиялық үдеріс арқылы біріктірілген және белгілі бір аумақта орналасатын электр қабылдағыш немесе электр қабылдағыштар тобы. Энергияны тұтынушыларға мысалдар: электр энергияны қабылдағыштары электр желісіне қосылған және электр энергиясын пайдаланатын кәсіпорын, ұйым, цех, құрылыс алаңы, пәтер.

Электр энергиясын қабылдағыш (электр қабылдағыш) — электр энергиясын басқа энергия түріне түрлендіруге арналған аппарат немесе агрегат. Қабылдағыштарға: жұмыс машиналары мен механизмдердің электр жетектері, электр-технологиялық қондырғылар, есептеу машиналары, электрмен жарықтандыру

аспаптары мысал бола алады.

Электрмен қамсыздандыру жүйесі – тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз етуге арналған электр қондырғыларының жиынтығы.

Электр қондырғысы – электр энергияны өндіру, түрлендіру, беру, жинақтау, бөліп тарату үшін және оны басқа энергия түрлеріне түрлендіруге арналған машиналар, аппараттар, тораптар мен қосалқы жабдық жиынтығы (олар орналасқан құрылыстармен және орынжайлармен қоса). Электр қондырғыларына мысалдар: қосалқы электр станциясы, электр беріліс торабы, конденсаторлық қондырғы, электр жетек, дәнекерлеу қондырғысы.

Электростанциясы – электр энергиясын, кейбір жағдайларда жылу энергиясын да өндіретін кәсіпорын, мысалы, жылу (ЖЭС), атомдық (АЭС), гидравликалық (ГЭС) электр станциялары.

Энергетикалық жүйе – электр және жылу энергияларын өндіру, түрлендіру мен бөліп таратудың үздіксіз үдерісін жүзеге асыратын, өзара қосылған электр станцияларының, электр және жылу тораптарының жиынтығы.

Электр желісі – белгілі бір аумақта жұмыс істейтін таратқыш құралдардан, тоқ өткізгіштерден, электр желісі тасымалдаудың әуе және кабельді желілерден, станциялардың тұратын электр энергиясын таратуға және жіберуге арналған электр құрылғы.

Қосалқы электр станциясы – трансформаторларды немесе басқа да электр қуатын түрлендіргіштерді, коммутация құрылғысын, бақылау және қорғау құралдарын және қосалқы жабдықтарды қоса алғанда, электр энергиясын өндіруге және таратуға арналған электр қондырғысы. Қосалқы станциялардың түрлері: трансформатор (ТП); түрлендіргіш (РР); кешенді (КТР немесе КРР) толықтай жиналған және орнатуға дайын болып келеді.

Бөліп тарату құрылғысы (БК) – электр энергиясын қабылдауға және бөліп таратуға арналған әрі коммутациялық аппараттарды, жинау және қосу шиналарын, қосалқы құрылғылар мен автоматика, қорғаныс және өлшеулер құрылғыларын қамтитын электрлі қондырғы. БҚ түрлері: ашық ауада пайдалануға арналған ашық (АБК); ғимараттарда орналастыруға арналған жабық (ЖБК); ішкі (ТҚБ) және сыртқы (СТҚБ) қондырғыларға арналған толымдыбөліп тарату құрылғысы.

Бөліп тарату бекеті (ББ) – трансформациялаусыз және түрлендірусіз бір кернеуде электр энергияны қабылдауға және бөліп таратуға арналған.

Басқару станциясы – электр қондырғыларын немесе олардың бөліктерін басқаруға арналған, басқару, реттеу, қорғау және дабыл беру функциялары автоматты орындалатын, кернеуі 1 кВ-ға дейінгі толымды құрылғы. Құрылма тұрғысынан басқару станциялары да бар.

блоктар, панельдер, шкафтар немесе қалқандар түрінде орындалады.

Кәсіпорынның электр шаруашылығы – кәсіпорынды электр энергиясымен қамсыздандыруды және оны технологиялық және өндірістік үдерістерді тиімді пайдалануды жүзеге асыратын генерациялаушы, түрлендіруші және беруші электр қондырғыларының жиынтығы. Электр шарушалығы – бұл оның қызмет етуі үшін қажетті адами, заттай, энергетикалық ресурстар мен ақпараттық қамтамасыз ету; технологиялық үдерістердің автоматикасы; электрмен жарықтандыру; электр жабдығын пайдалану және жөндеу.

Электр қуаты – зарядталған бөлшектердің электр-магниттік өрісі арқылы әрекет ету, қозғалу және өзара әрекеттесу орын алатын құбылыстардың жиынтығы.

Электр-магниттік өріс – зарядталған бөлшектердің арасында өзара әрекеттесу жүзеге асырылатын ерекше материя нысаны.

Электрическое поле – электр зарядтармен жасалатын және электр өрісінің кернеулігімен сипатталатын электр-магниттік өрістің жекелеген орын алу нысаны.

Магниттік өріс – қозғалатын электр зарядтары мен атомдық магнетизм тасығыштары (электрондар, протондар және т.б.) қалыптастыратын электр-магниттік өріс сипатының жеке нысаны.

Электр қозғаушы күш (ЭҚК) – электр тізбегінде электр тоғының болуын қолдап тұру үшін қажетті электр энергия көзін сипаттайтын шама. ЭҚК сандық тұрғындан дара оң зарядты тұйық тізбек бойымен орын ауыстыру жұмысына тең болады әрі вольтпен (В) өлшенеді.

Электр кернеуі (кернеу, әлеуеттер айырмасы) электр тізбегінің екі нүктесі арасында ол да сандық тұрғындан дара оң зарядты тұйық тізбек бойымен орын ауыстыру жұмысына тең болады әрі вольтпен (В) өлшенеді. Кернеу уақыт өзгеру сипатына қарай тұрақты немесе айнымалы болып бөлінеді.

Тұрақты ток кернеуі деп – бағыты бойынша уақыт өте өзгермейтін, бірақ өзінің арнауына (деңгейіне) қарай өзгеруі мүмкін кернеуді атайды. Айнымалы ток кернеуі деп – әдетте синусоидалды заң бойынша уақыт өте өзгертін кернеуді атайды.

Синусоидалды кернеуден басқа, электр тізбектері мен құрылғыларында айнымалы токтың синусоидалды емес кернеулері әрекет етуі мүмкін. Есептеулер жүргізудің ыңғайлылығы үшін әдетте олар амплитудалары мен өзгеру жиіліктері әртүрлі синусоидалды кернеулердің белгілі бір жиынтығы ретінде көрсетіледі. Бұл құрамдылар электр техникасында *кернеу үйлесімі* деген атауға ие болды.

Электр тоғы – электр өрісінің әсерінен зарядталған бөлшектердің (электрондардың, иондардың және т.б.) бағытталған қозғалысы, өткізгіштің көлденең қимасы арқылы уақыт бірлігінде өтетін зарядпен (электр қуаты көлемімен) сипатталады. Сандық тұрғыдан ток ампермен (А) өлшенетін күшпен сипатталады, ол өткізгіштің көлденең қимасы арқылы бір секунд ішінде (с) шамасы бір кулон (Кл) болатын электр зарядының орын ауыстыруына сәйкес келеді: $1 \text{ А} = 1 \text{ Кл/с}$. Шартты түрде токтың оң бағыты ретінде оң зарядтардың қозғалыс бағыты қабылданады.

Электр тоғы уақыт өте өзгеру сипатына қарай, кернеуге ұқсас, тұрақты немесе айнымалы болып бөлінеді. *Тұрақты ток* деп бағытын уақыт өте өзгертпейтін, бірақ өзінің арналуына (деңгейіне) қарай өзгеруі мүмкін электр тоғын атайды.

Айнымалы ток деп өзінің шамасы бойынша және уақыт өте өзгертін электр тоғын атайды. Көбінесе айнымалы ток өзінің уақыттағы шамасына қатысты синусоидалды тәуелділікпен сипатталады.

Синусоидалды тоқтан басқа, электр тізбектері мен құрылғыларында синусоидалды емес тоқтар өтуі мүмкін, есептеулер жүргізудің ыңғайлылығы үшін әдетте олар амплитудалары мен өзгеру жиіліктері әртүрлі синусоидалды тоқтардың белгілі бір жиынтығы ретінде көрсетіледі. Бұл құрамдылар электр техникасында *тоқ үйлесімі* деген атауға ие болды.

Электр қуаты – уақыт бірлігіндегі электр тоғының жұмысы, СИ бірліктер жүйесінде ваттпен өлшенеді ($1 \text{ Вт} = \text{В} \cdot \text{А}$). Тұрақты ток тізбегіндегі электр қуаты кернеу мен токтың көбейтіндісіне тең, ал айнымалы ток тізбектерінде толық қуаттылық олардың қазіргі мәндерінің көбейтіндісімен анықталады.

Электрэнергиясы – электр қуаты мен уақыттың көбейтіндісімен анықталатын және джоульмен өлшенетін, электр тоғының жұмысы: $1 \text{ Дж} = \text{В} \cdot \text{А} \cdot \text{с}$.

1.3. Электр техникасының негізгі заңдары

Электр-техникалық құрылғыларда, элеменеттері мен тізбектерінде орын алатын барлық құбылыстар физиканың бір бөлімі ретіндегі электр техникасының негізгі заңдарына бағынады.

1. Фарадейдің электр-магниттік индукция заңы. *Өткізгіштерден тұратын контурда тураланатын электр қозғаушы күш минус таңбасымен алынған, контурдағы ағын ілінісінің уақыт өте өзгеру жылдамдығына пропорционалды болады:*

$$\varepsilon = -d\psi/dt,$$

мұнда ψ — ағын ілінісі, $y = \Phi w$ (Φ – магниттік ағын; w – контурдағы өткізгіштердің саны).

Бұл заң контур бойынша индуктивтілікпен L өтетін, уақыт өте өзгертін электр тоғы i туралайтын өзіндік индукцияның e_L , ЭҚК шамасын анықтауға мүмкіндік береді:

$$e_L = -L di/dt,$$

және екі магнитті-байланысқан контурлардың біреуінде ток i шамасының өзгеруі орын алса, екеуінің біреуінде тураланатын өзара индукцияның e_v ЭҚК шамасын анықтауға мүмкіндік береді:

$$e_v = (\pm) M_n di/dt,$$

мұнда M_{12} – өзара индукция коэффициенті, Гн.

«+» таңбасын магнитті ағындардың қарсы бағыттары кезінде қояды, «-» таңбасын келісілген бағыттарда қояды.

Магниттік ағыны өзгеріссіз болатын магниттік өрісте өткізгіштің орын ауыстыруы кезінде онда ЭҚК тураланады:

$$e = BLv \sin \alpha,$$

мұнда B – өрістің магниттік индукциясы, Тл; L – өткізгіштің ұзындығы, м; v – өткізгіштің қозғалыс жылдамдығы, м/с; α — магнитті индукция векторларының және жылдамдықтың арасындағы бұрыш, град.

2. Ленц заңы. *Егер контур бойымен өзгермеді ток өтсе, онда ол контурда ЭҚК-ны туралайтын, өзгермелі әрі тоқтың қайндай да бір өзгеруіне кедергі келтіретіндей бағытталған магнитті ағынды қалыптастырады.* Бұл ЭҚК өзіндік индукцияның ЭҚК деп те аталады.

3. Джоуль – Ленц заңы. *Өткізгіш бойынша электр тоғы I өту кезінде өткізгіште бөлінетін жылу Q көлемі сол тоқтың күш квадратына, өткізгіштің кедергісіне R және тоқтың өту уақытына t тікелей пропорционалды болады:*

$$Q = I^2 R t.$$

4. Ампердің электр-магниттік күштер заңы. *Тоғы I бар және ұзындығы L болатын, индукциясы B бар магниттік өріске орналастырылған өткізгішке әрекет ететін күш F магниттік индукция, өткізгіштің ұзындығы, өткізгіштегі ток күшінің көбейтіндісіне тікелей пропорционалды болады және магниттік индукция мен тоқтың бағытына тәуелді болады, Н:*

$$F = BIL \sin \alpha,$$

мұнда α —магниттік индукция мен ток векторларының арасындағы бұрыш. Ұзындығы L бірдей әрі бір-біріне параллель қашықтықта орналасқан екі ұзын сымдардың өзара әрекеттесу күші H мынадай:

$$F = \mu_r \mu_0 I_1 I_2 L / (2\pi a),$$

мұнда μ_0 – сәйкесінше қатысты және абсолютті магниттік өтімділік; I_1 и I_2 — сымдардағы токтар, А.

5. Фарадейдің электролиз заңы. *Электролит арқылы t уақытта өтетін өзгеріссіз ток кезінде ерітіндіден зат массасы M бөлініп шығады, ол ток пен уақытқа пропорционалды болады, кг:*

$$M = kIt,$$

Мұндак – бөлініп шығатын заттың электр-химиялық баламасы.

6. Кулонның электростатика заңы. *Біртекті ортада бір-бірінен қашықтықта L орналасқан екі нүктелі қозғалыссыз зарядтардың q_1 және q_2 өзара әрекеттесу күші зарядтар шамасына тікелей пропорционалды және олардың арасындағы қашықтықтың квадратына кері пропорционалды болады, Н:*

$$F = q_1 q_2 / (4\pi\epsilon_r \epsilon_0 L^2)$$

7. ЭҚК көзі жоқ тезбік (өткізгіш) учаскесі үшін бірінші Ом заңы. *Өткізгіштегі токтың күші оның ұштарындағы әлеуеттердің айырмасына тікелей пропорционалды және өткізгіштің кедергісіне кері пропорционалды болады.*

8. ЭҚК көзі бар тұйық тарамдалмаған тізбек үшін екінші Ом заңы. *Ток күші ЭҚК-ға тікелей пропорционалды және тізбектің толық кедергісіне кері пропорционалды болады.*

Тұрақты және айнымалы ток тізбектеріне арналған осы заңдарды сипаттайтын математикалық формулалар 1.4 және 1.5-бөлімдерінде келтірілген.

9. Кирхгофтың бірінші ережесі. *Электр тізбегінің түйініндегі ток күштерінің алгебралық сомасы нөлге тең.*

10. Кирхгофтың екінші ережесі. *Электр тізбегіндегі тұйық контурдың электр-қозғаушы күштерінің алгебралық сомасы ондағы кернеулердің азаю сомасына тең.*

Кернеудің азаюы ток күшін кедергіге көбейту арқылы көрініс табады. Тұрақты және айнымалы ток тізбектеріне арналған Кирхгофтың екінші ережесін сипаттайтын формулалар 1.4 және 1.5-бөлімдерінде келтірілген.

11. Максвелл теңдеуі. Олар электр динамикасының негізгі теңдеулері болып табылады және еркін орталар мен вакуумдағы электр-магниттік құбылыстарды сипаттайды. Желілік изотроптық ортадағы электр-магниттік өріс үшін бұл теңдеулер мынадай түрде болады:

толық ток заңы —

$$\operatorname{rot} \mathbf{H} = \mathbf{E} + \epsilon_r \epsilon_0 d\mathbf{E} / dr;$$

электр-магниттік индукция заңы —

$$\operatorname{rot} \mathbf{E} = \mu_r \mu_0 d\mathbf{H} / dr;$$

$$\mathbf{B} = \mu_r \mu_0 \mathbf{H}; \mathbf{D} = \epsilon_r \epsilon_0 \mathbf{E},$$

мұнда $\mathbf{H}$ — магниттік өрістің кернеулік векторы; $\mathbf{E}$ — электр өрісінің кернеулік векторы; $\mathbf{B}$ — магниттік индукция векторы; $\mathbf{D}$ — жылжу тоғының векторы; $\mathbf{C}_1, \mathbf{C}_0$ — қатысты және абсолютті магниттік өтімділік; $\varepsilon_r, \varepsilon_0$ — қатысты және абсолютті электр тұрақтылары.


1.4. Тұрақты ток тізбектері

Электр тізбегі деп – бойымен электр тоғы өтуі мүмкін электр-техникалық элементтер мен құрылғылардың және оларды жалғайтын өткізгіштердің (немесе ток өткізуші орта элементтерінің) жиынтығы аталады. Электр тізбектері элементтер мен құрылғылар шартты кескіндермен бейнеленетін және өздерінің құрылымы бар байланыстарына сәйкес өткізгіштер арқылы жалғанған, электр сұлбалары түрінде көрсетіледі. Электр сұлбалары тоқты, кернеуді, қуаттылықты және электр-техникалық элементтер мен құрылғылардың орныққан әрі динамикалық (өтпелі) режимдердегі жұмысын сипаттайтын басқа да электр айнымалыларын есептеу үшін қолданылады.

Электр тізбектері желілік және желілік емес болуы мүмкін. Желілік тізбектерде тізбектердің параметрлері олардағы ток пен кернеуге тәуелді болмайды, ал желілік емес тізбектерде мұндай тәуелділіктер орын алуы мүмкін. Өрікарай желілік тізбектер қарастырылатын болады, ал желілік емес тізбектердің есептеулері [30] бөлімде келтіріледі.

Желілік тұрақты ток тізбектерінің негізгі элеменеттері болып желілер, резисторлар мен ЭҚК көздері табылады, олардың шартты кескіндері мен белгіленулері 1.1-суретте келтірілген.

Мысал ретінде, 1.2-суретте берілген ЭҚК электр энергиясының көзін E_i және резисторларды R_1, R_2 мен R_3 қамтитын, тұрақты ток тізбегінің электрлі сұлбасы келтірілген. Бір ток өтетін сызбаның учаскесі тарам деп аталады, суретте олардың саны үшеу. Тарамдар түйіндерге қосылады a және b . Егер тарамда электр энергиясының көзі бар болса, ол активті, болмаса – пассивті деп аталады. Суретте ЭҚК көзі бар тарам активті болып табылады, қалған тарамдар – пассивті болып саналады.




Сурет 1.11. Электрлі сызбалардағы шартты кескіндер:

a — электр желілері; $б$ — резистор; $в$ — ЭҚК көзі; $г$ — ток көзі

Электр тоғын өткізгіштің белсенді кедергісі оның материалымен, геометриялық өлшемдерімен анықталады, температураға байланысты болады және де мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R = \rho l / S,$$

мұнда ρ — материалдың меншікті кедергісі, $\text{Ом} \cdot \text{м}$, $\rho = \rho_0(1 + \alpha t)$, ρ — материал кедергісінің температуралық коэффициенті, $1/^\circ\text{C}$; t — материалдың температурасы, $^\circ\text{C}$; l — өткізгіштің ұзындығы, м ; S — өткізгіштің көлденең қимасының ауданы, м^2 .



Сурет 1.2. Электр сұлбаның мысалы

Бір тарамда резисторлар тізбекті түрде жалғанған жағдайда олардың баламалы кедергісі $R_{\text{ЭКВ}}$, Ом ,

$$R_{\text{ЭКВ}} = \sum R_i,$$

төмендегі формула бойынша жеке резисторлардың R_i кедергілерінің сомасы ретінде анықталады

$$1/R_{\text{ЭКВ}} = \sum (1/R_i).$$

Өткізгіштің белсенді өтімділігі болып кедергіге кері шама табылады, ол мына $g = 1/R$

формула бойынша анықталады.


Электр тізбектеріндегі электр энергия көздері екі түрлі болады: кернеу көздері (ЭҚК) және ток көздері. Кернеу көздерінің ішкі кедергісі төмен, сондықтан оның шығыс кернеуінің шамасы жүктеме тоғына тәуелді болады. Оның сыртқы сипаттамасы токтың шығыс кернеуіне тәуелділік түрінде горизонталды желі сызық болып табылады, бұл 1.3а-суретте көрсетілген.

Идеалды ток көзінің сыртқы сипаттамасы вертикалды сызық түрінде болады (1.3б-сурет), бұл ол беретін токтың шығыс кернеуден тәуелсіздігін айқындайды. Ток көздерінің ішкі кедергісі үлкен болады.

Тұрақты ток тізбектеріндегі электр айнымалылардың есебі Ом заңдарын, Кирхгоф ережелерін және арнайы есептеу әдістерін пайдалана отырып жүргізіледі.

Тұрақты ток тізбегінің учаскесі үшін Ом заңы мына формуламен өрнектеледі

$$I = U/R.$$



1.3-сурет. Сыртқы сипаттамалар:
 а — кернеу көздері; б — тоқ көздері

Тұйық тарамдалмаған тұрақты тоқ тізбегі үшін Ом заңы:

$$I = \sum E / \sum R.$$

Тұрақты тоқ тізбегі үшін Кирхгофтың бірінші және екінші ережелері мынадай түрде болады:

$$\sum_{k=1}^n I_K = 0; \sum_{i=1}^m E_i = \sum_{k=1}^n I_K R_K.$$

Тарамдалған тұрақты тоқ тізбектеріндегі тоқты есептеу үшін контурлы ток, екі түйін және баламалы генератор әдістері пайдаланылады. Бұл есептеу әдістерін қолдану [22] бөлімде қарастырылады.

Мысал 1.1. Ұзындығы $l = 40$ м, қимасы $S = 2,5$ мм², температурасы $t = 50^\circ\text{C}$ болатын мыс сымының белсенді кедергісін анықтау.

Шешім 1. Мыс үшін $t = 20^\circ\text{C}$ температурасы кезінде меншікті белсенді кедергі $\rho_0 = 0,017 \cdot 10^{-6}$ Ом · м және температуралық кедергі коэффициенті $\alpha = 43 \cdot 10^{-4} 1/^\circ\text{C}$ болады.

2. $t = 50^\circ\text{C}$ температурасы кезінде анықтайтынымыз:

$$R = \rho l / S = \rho_0(1 + \alpha t) / S = (0,017 \cdot 10^{-6}(1 + 43 \cdot 10^{-4} \cdot 50)40) / 2,5 \cdot 10^{-6} = 0,33 \text{ Ом}$$

Мысал 1.2. 1.2-суреттегі сұлба үшін белгілі: $E_1 = 100$ В; $R_1 = 0,67$ Ом; $R_2 = 0,5$ Ом; $R_3 = 1$ Ом. I_1, I_2, I_3 тоқтарын анықтау қажет.

1. Кедергілері R_2 и R_3 бар сұлба тарамдарының баламалы кедергісін $R_{экв}$ анықтаймыз:

$$1/R_{экв} = 1/R_2 + 1/R_3 = 1/0,5 + 1/1 = 3 \text{ Ом}, \text{ бұдан } R_{экв} = 1/3 = 0,33 \text{ Ом}.$$

2. I_1 тоғы үшін жиынтық кедергіні анықтаймыз:

$$R_{\Sigma} = R_1 + R_{экв} = 0,67 + 0,33 = 1 \text{ Ом}.$$

3. I_1 тоғының мәнін есептейміз

$$I_1 = E_1 / R_{\Sigma} = 100/1 = 100 \text{ А}.$$

4. A және B нүктелері арасындағы әлеуеттердің айырмасын табамыз:

$$\Phi_b - U_{ab} = E_1 - I_1 R_1 = 100 - 100 \cdot 0,67 = 33 \text{ В.}$$

5. I_2 және I_3 сұлбасының тарамдарындағы токтарды анықтаймыз

$$I_2 = U_{ab}/R_2 = 33/0,5 = 66 \text{ А}; I_3 = U_{ab}/R_3 = 33/i = 33 \text{ А.}$$

1.5. Айнымалы тоқ тізбектері

Өнеркәсіптік және басқа да электр қондырғыларда негізінен бір және үш фазалық синусоидалды кернеу мен тоқ қолданылады. Синусоидалды айнымалы кернеудің лездік мәні мынадай кезеңдік заң бойынша уақыт өте өзгереді:

$$u = U_m \sin \omega t,$$

мұнда U_m — кернеудің амплитудалық (ең үлкен) мәні; ω — кернеу өзгеруінің бұрыштық жылдамдығы, рад/с, $\omega = 2\pi f = 2\pi/T$; f — кернеу ауытқуларының жиілігі (уақыт бірлігіндегі кернеу ауытқуларының саны), Гц (Ресейде және көптеген басқа елдерде 50 Гц); T — тоқ ауытқуларының кезеңі, $T = 1/f$.

Синусоидалды айнымалы токтың лездік мәні кернеуге ұқсас мынадай кезеңдік заң бойынша өзгереді:

$$i = I_m \sin \omega t,$$

где I_m — токтың амплитудалық (ең үлкен) мәні, А.

Айнымалы тоқ тізбектерін есептеу кезінде лездік және амплитудалық мәндермен қатар, айнымалы кернеу мен токтың қазіргі және орташа мәндерін пайдаланады. Тоқ пен кернеудің қазіргі мәні сәйкесінше тоқ пен кернеудің T кезеңіндегі орташа шаршылық мәнін білдіреді және мынадай формулалар бойынша анықталады:


$$I = \sqrt{\frac{1}{T} \int_0^T i^2 dt}; \quad U = \sqrt{\frac{1}{T} \int_0^T u^2 dt};$$

Токтың қазіргі мәні, шамасы сондай тұрақты тоқ сияқты жылу әсерін береді. Синусоидалды кернеу мен токтың қазіргі мәні олардың амплитудалық мәндерінен есе аз.

Тоқ пен кернеудің орташа мәні мынадай формулалармен анықталады:

$$I_{cp} = (2/T) \int_0^{T/2} i dt; \quad U_{cp} = (2/T) \int_0^{T/2} u dt.$$

Синусоидалды кернеу мен токтың орташа мәні олардың лездік мәндерінен $(2/\pi)$ есе аз.



1.4-сурет. Шартты бейнеленулер:

a — индуктивті элемент; *б* —

сыйымды элемент

немесе құрылғының индуктивтілігі көрсететін кедергімен сипатталатын шама.

Индуктивті кедергінің шамасы Ом мына формула бойынша анықталады:

$$x_L = 2\pi fL = \omega L,$$

мұнда L — индуктивтілік.

Индуктивтілік L және индуктивті кедергі трансформаторлар мен электр машиналардың орамдарына, электр аппараттардың катушкаларына, реакторларға, дроссельдерге, кабельдерге және т.с.с. тән. Тұрақты ток тізбектерінде индуктивті кедергі тек өтпелі кезеңдерде, ток пен магниттік өрістің өзгеруі орын алатын жерлерде ғана көрініс табады. Индуктивті элементтің (реактордың, дроссельдің, катушканың, орамның) шартты бейнеленуі 1.4, *a*-суретте көрсетілген.

Орныққан режимде индуктивті кедергіде жинақталған реактивті қуаттылық, вар, мына формула бойынша анықталады:

$$Q_L = I^2 x_L.$$

Сыйымды кедергі — бұл айнымалы токқа электр сыйымдылық көрсететін кедергімен сипатталатын шама. Сыйымды кедергінің шамасы Ом мынадай формула бойынша анықталады:

$$x_C = 1/(2\pi fC) = 1/(\omega C),$$

мұнда C — сыйымдылық.

Сыйымды кедергіні құрайтын негізгі элемент конденсатор болып табылады. Сондай-ақ, ауа және кабель желілерінің өткізгіштері бір-біріне қатысты және жерге қатысты және де басқа бірқатар элементтер мен құрылғылар сыйымды кедергіге ие. Тұрақты ток тізбектерінде сыйымды кедергі тек өтпелі үдерістерде көрініс табады. Сыйымды элементтің (конденсатордың) шартты белгіленуі 1.4, *б*-суретте келтірілген.

Орныққан режимде сыйымды кедергіде жинақталған реактивті қуаттылық, мына формула бойынша анықталады:

$$Q_C = I^2 x_C.$$

Белсенді R және реактивті x кедергісі бар элементтің толық кешенді кедергісі мынадай формуламен анықталады:

Айнымалы ток тізбектерінде белсенді кедергілермен қатар, реактивті кедергілер — индуктивті, сыйымды кедергі және белсенді мен реактивті кедергілермен анықталатын толық кедергі болуы мүмкін. *Индуктивті кедергі* — бұл айнымалы токқа тізбектің, элементтің

$$Z = \sqrt{R^2 + X^2}.$$

Бір фазалық айнымалы тоқтың қуаттылығы мынадай формулалар бойынша анықталады:

белсенді, Вт, —

$$P = UI \cos \varphi;$$

реактивті, вар, —

$$Q = UI \sin \varphi;$$

толық (шамалас), В · А, —

$$S = UI = \sqrt{P^2 + Q^2},$$

мұнда φ — кернеу мен ток векторларының арасындағы бұрыш.

Қуаттылық коэффициенті $\cos \varphi$ келесі арақатынаспен анықталады:

$$\cos \varphi = P/S = U_2/U = I_2/I = R/Z,$$

мұнда U_a, I_a — толық кернеудің U және тоқтың I белсенді құрамдылары.

Үш фазалық айнымалы тоқтың қуаттылығы мынадай формулалар бойынша анықталады:

белсенді, Вт, —

$$P = 3U_\phi I_\phi \cos \varphi;$$

реактивті, вар, —

$$Q = 3U_\phi I_\phi \sin \varphi;$$

толық (шамалас), В · А, —

$$S = 3U_\phi I_\phi = 3\sqrt{P^2 + Q^2},$$

Мұнда U_ϕ, I_ϕ — сәйкесінше фазалық кернеу мен ток.

Үш фазалық жүйенің элементтерін жұлдызға біріктірген кезде (1.5, а-сурет) токтар мен кернеулер арасында мынадай арақатынас орын алады:

$$U_\Delta = U_\phi; I_\Delta = I_\phi;$$

ал үшбұрышқа қосқан кезде (1.5, б-сурет) —

$$U_\phi = U_\Delta; I_\Delta = I_\phi,$$

мұнда U_Δ, I_Δ — сәйкесінше желілік кернеу мен ток.

Мысал 1.3. Индуктивтілігі $L = 0,015$ Гн және жиілігі $f = 50$ Гц реактордың индуктивті кедергісін анықтау.

Шешімі. Индуктивті кедергіні x_L есептеу формуласын пайдалана отырып, берілген шарттардағы шамасын анықтаймыз: $x_L = 2\pi fL = 2 \cdot 3,14 \cdot 50 \cdot 0,015 = 4,71$ Ом.




Рис. 1.5. Электр қабылдағыштарды қосу сызбасы:

a — жұлдыз түрінде; *б* — үшбұрыш түрінде

Мысал 1.4. Сыйымдылығы $C = 2$ мФ және жиілігі $f = 400$ Гц конденсатордың сыйымды кедергісін анықтау.

Шешімі. Сыйымды кедергіні x_C , есептеу формуласын пайдалана отырып, берілген шарттардағы шамасын анықтаймыз: $x_C = 1/(2\pi fC) = 1/(2 \cdot 3,14 \cdot 400 \cdot 2 \cdot 10^{-6}) = 200$ Ом.

Мысал 1.5. Бір фазалық айнымалы ток желісіне қосылған электр қондырғы кернеу $U = 380$ В және ток $I = 15$ А кезінде белсенді қуаттылықты $P = 3\,200$ тұтынады. Қуаттылық коэффициентін $\cos\varphi$, реактивті Q және толық S қуаттылықтарды анықтау.

Шешім. 1. Қуаттылық коэффициенті $\cos\varphi$:

$$\cos\varphi = P/(UI) = 3200/(380 \cdot 15) = 0,56.$$

2. Қондырғының реактивті қуаттылығы:

$$Q = UI\sin\varphi = UI\sqrt{(1 - \cos^2\varphi)} = 380 \cdot 15 \sqrt{(1 - 0,56^2)} = 4\,720 \text{ вар.}$$

3. Қондырғының толық (шамалас) қуаттылығы:

$$S = UI = 380 \cdot 15 = 5\,700 \text{ В} \cdot \text{А.}$$

1.6. Магниттік тізбектер

Магниттік тізбектерді есептеу формулалары өз түрлері бойынша электр тізбектерін есептеуге арналған формулаларды қайталайды, бұл ретте магниттік ағынның Φ электр тоғы, магниттік тізбектің F_m магниттік-қозғаушы күші (МҚК)— ЭҚК, ал магниттік кернеуі U_m — электр кернеуі бар болады.

Катушканың МҚК, A_m мына формуламен анықталады:

$$F_m = wI,$$

мұнда w — катушка айналымдарының саны; I — катушка тоғы, А.

Ұзындығы L тізбек учаскесі үшін магниттік кернеу A :

$$U_m = HL = \Phi R_m,$$

мұнда H — магниттік өрістің кернеулігі, $H = B/\mu_r\mu_0$; R_m — учаскенің магниттік кедергісі, $1/\text{Гн}$, $R_m = L/\mu_r\mu_0S$; S — учаскенің көлденең қимасы, м^2 .

Тізбек учаскесі үшін магниттік индукция Тл:

$$B = \Phi/S,$$

мұнда Φ — магниттік ағын.

Магниттік өрістің энергиясы Дж магниттік өрістің көлемінде V шоғырланған:

$$W = HBV/2.$$

Магниттік тізбектер электр тізбектерімен ұқсас Ом заңдары мен Кирхгоф ережелері қолданылады.

Кирхгофтың бірінші заңы магниттік тізбек үшін: магниттік тізбек түйінінде қиылысатын магниттік ағындардың сомасы нөлге тең:

$$\sum \Phi = 0.$$

Кирхгофтың екінші ережесі магниттік тізбек үшін: магниттік контордың МҚК сомасы магниттік кернеулердің құлау сомасына тең:

$$\sum F_M = \sum HL = \sum \Phi R_M$$

1.7. Электр-техникалық орынжайлар мен жабдықтың санаттары

Электр жабдықты жобалау, монтаждау, ретке келтіру, пайдалану және жөндеу келесідей нормативтік құжаттарда келтірілген нормалар мен ережелерге сәйкес жүргізілуі тиіс: «Электр қондырғыларды орнату ережелері» [13] және «Тұтынушылардың электр қондырғыларды техникалық пайдалану ережелері мен Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелері» [12]. Осы құжаттардан электр жабдықты орындауға қатысты және ол орналасатын орынжайлардың түрлеріне қатысты негізгі ережелерді келтіреміз.

Электр жабдық (электр қондырғы). Қауіпсіздік жағдайларына қарай электр қондырғылар кернеуі 1000 В-ға дейін және 1000-дан жоғары электр қондырғыларға бөлінеді. *Ашық*, немесе сыртқы деп қоршаған ортаның әсерінен ғимаратпен қорғалмаған электр қондырғыларды атайды. *Ішкі* деп орынжайлардың (ғимараттың) ішінде орналасқан электр қондырғыларды атайды.

Электр қондырғылардың орындалуы нормативтік қызмет ету мерзімі ішінде берілген пайдалану жағдайларында және қоршаған орта жағдайында олардың сенімді жұмысын және қызмет көрсетуші персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл электр қондырғылардың номиналды төлқұжаттық деректерін таңдаумен қамтамасыз етіледі.

Электр жабдықты қорғау тәсілдерінің сипаттамасы

Бұйымның санаты	Бұйымның сипаттамасы
0	Жұмыс изоляциясы бар және жерге тұйықтау элементтері жоқ
0I	Жұмыс изоляциясы, жерге тұйықтау элементі және қорек көзіне жалғауға арналған, тұйықтау тарамынсыз сым бар
I	Жұмыс изоляциясы және жерге тұйықтау элементі бар
II	Қосарлы немесе күшейтілген изоляциясы бар және жерге тұйықтау элементтері жоқ
III	Кернеуі 42 В-дан асатын ішкі және сыртқы электр тізбектері жоқ

Электр-техникалық бұйымдардың адамды қорғау тәсілі бойынша санаттары 1.6-кестеде келтірілген.

Электр қондырғылардың қабықшалары мен бұйымдарының қорғаныс сипаттамалары IP кодымен (*ағылшыннан* International Protection — халықаралық нормалар бойынша қорғау) және екі цифрмен белгіленеді, олардың біріншісі қабықшаның ішіне қатты денелердің енуінен қорғау дәрежесінің кодын, ал екіншісі — су мен ылғалдың түсуінен қорғау дәрежесінің кодын белгілейді. Кернеуі 1000 В-ға дейінгі электр қондырғылардың қабықшаларын қорғау дәрежелерінің сипаттамасы 1.7-кестеде келтірілген.

Электр машиналарының салқындау тәсілі әріптік IC кодымен (*ағылшыннан* International Cooling — халықаралық нормалар бойынша салқындау) және цифрлармен белгіленеді. Алғашқы екі цифрі машинаның сыртқы бетінің салқындау тәсілін, ал кейінгі екі цифрі — ішкі бетінің салқындау тәсілін белгілейді. Мысалы, IC0141 белгіленуі машинаның сыртқы беті желдеткішпен салқындатылатынын, ал оның ішіндегі ауа ротормен немесе қосымша ішкі желдеткішпен суытылатындығын білдіреді.

Электр жабдығының климаттық орындалуы әріптермен белгіленеді: У — қоңыржай климат үшін; ХЛ — суық; Т — тропикалық; УХЛ — қоңыржай-суық климат үшін.

Электр жабдықты орналастыру орындарының санаты мынадай цифрлармен белгіленеді: 1 — ашық ауада; 2 — атмосфералық жауын-шашын мен күн сәулелерінің тікелей әсері жоқ орынжайлар; 3 — жасанды түрде реттелетін климаттық жағдайлары жоқ, табиғи тұрғыдан желдетілетін жабық орынжайлар; 4 — жасанды түрде реттелетін климаттық жағдайлары бар орынжайлар; 5 — ылғалдығы жоғары орынжайлар.

**Кернеуі 1000 В-ға дейінгі электр жабдық қабықшаларын қорғау
дәрежелерінің сипаттамасы**

Қорғау дәрежесі i	Қорғау дәрежесінің сипаттамасы	
	персоналды тоқ өтетін немесе қозғалатын жабдықпен жанасуынан қабықшаның ішіне бөгде қатты денелердің түсуі	жабдықты қабықшаның ішіне судың түсуінен қорғау
0	Қорғалмаған	Қорғалмаған
1	Адам денесінің көп учаскесінің тоқ өтетін немесе қабықшаның ішінде қозғалатын бөліктермен кездейсоқ жанасуынан қорғау. Сол бөліктерге әдейі қатынаудан қорғалмаған	Конденсатталған су тамшыларынан қорғау. Конденсатталған су тамшылары қабықшаға тігінен түсе отырып, оның ішіндегі жабдыққа теріс әсер етпеуі тиіс
2	Үлкен саусақтардың тоқ өтетін немесе қабықшаның ішінде қозғалатын бөліктермен мүмкін боларлық жанасуынан қорғау. Диаметрі кем дегенде 12,5 мм болатын бөгде қатты денелердің түсуінен қорғау	Жаңбырдан қорғау. Тігінен 60° астам емес көлбеу тұрғына қабықшаға түсетін жаңбыр оның ішіндегі жабдыққа теріс әсер етпеуі тиіс
3	Қалыңдығы 2,5 мм асатын құрал-сайманның, сымның не басқа заттардың тоқ өтетін немесе қабықшаның ішінде қозғалатын бөліктермен жанасуынан қорғау	Конденсатталған су тамшыларынан қорғау. Конденсатталған су тамшылары қабықшаға тігінен түсе отырып, оның ішіндегі жабдыққа теріс әсер етпеуі тиіс
4	Қалыңдығы 1 мм асатын құрал-сайманның, сымның не басқа заттардың тоқ өтетін немесе қабықшаның ішінде қозғалатын бөліктермен жанасуынан қорғау. Диаметрі кем дегенде 1 мм болатын бөгде қатты денелердің түсуінен қорғау	Шашырандылардан қорғау. Қабықшаға түсетін, кез келген бағыттағы шашыранды су оның ішіндегі жабдыққа теріс әсер етпеуі тиіс

Қорғау дәрежесі	Қорғау дәрежесінің сипаттамасы	
	персоналды тоқ өтетін немесе қозғалатын жабдықпен жанасуынан қабықшаның ішіне бөгде қатты денелердің түсуі	жабдықты қабықшаның ішіне судың түсуінен қорғау
5	Персоналды тоқ өтетін немесе қабықшаның ішінде қозғалатын бөліктермен жанасудан толықтай қорғау. Зиянды шаң шөгінділерінен қорғау	Су ағыстарынан қорғау. Ұшы арқылы қабықшаға түсетін кез келген бағыттағы су оның ішіндегі жабдыққа теріс әсер етпеуі тиіс
6	Персоналды тоқ өтетін немесе қабықшаның ішінде қозғалатын бөліктермен жанасудан толықтай қорғау. Шаң түсуден қорғау	Кеме палубасына тән әсерлерден қорғау (палубадағы су өтпейтін жабдықпен қоса)
7		Суға сүңгу кезіндегі қорғау. Су қабықшаға қысым кезінде және стандарттарда не жабдықтың техникалық шарттарында көрсетілетін уақыт ішінде түспеуі тиіс
8		Суға шектеусіз ұзақ сүңгу кезіндегі қорғау. Су қабықшаға қысым кезінде және стандарттарда не жабдықтың техникалық шарттарында көрсетілетін уақыт ішінде түспеуі тиіс

Климаттық орындауды және орналастыру санатын белгілеу мысалы: УХЛЗ — қоңыржай-суық климатта табиғи тұрғыдан желдетілетін орынжайларда жұмыс жасауға арналған электр жабдық.

Жарылыстан қорғалған электр жабдығы айрықша санатқа жатады. Бұл электр жабдығында қоршаған жарылыс қауіпті ортаның мүмкін боларлық жарылуын болдырмау немесе қиындату шаралары қарастырылған. Жарылыстан қорғалған электр жабдығының тобы қолдану аясына қарай [15] бөлімде қарастырылған.

Электр-техникалық орынжайлар орта жағдайларына қарай құрғақ (ауаның қатысты ылғалдығы кемінде 60%); ылғалды (қатысты ылғалдығы 60...75% аралығында); дымқыл (ылғалдығы 75%-дан жоғары); аса дымқыл (ылғалдығы 100%-ға таяу); ыстық (температурасы әрдайым 35°C-тан асатын); шаңды (орынжайда жабдыққа шөгетін және оның ішіне енетін, тоқ өткізетін не тоқ өткізбейтін шаң шығады); химиялық белсенді ортасы бар орынжайлар (агрессивті булар, газдар, изоляцияны және тоқ өтетін бөліктерді бұзатын сұйықтықтар бар) болып ажыратылады.

Адамды электр тоғы соғу қаупіне қарай орынжайлар бірнеше түрлерге бөлінеді.

1. Қауіптілігі жоғары орынжайлар, оларда жоғары қауіп жағдайларының бірі орын алады:

дымқылдық немесе тоқ өткізетін шаң; тоқ өткізетін еден; жоғары температура; адамның біруақытта жерге жалғанатын құрылмаларға, технологиялық жабдыққа, бір жағынан, және электр жабдықтың корпусына, екінші жағынан, жанасуы.

2. Қауіптілігі жоғары емес орынжайлар, оларда жоғары қауіп жағдайлары жоқ.

3. Аса қауіпті орынжайлар, оларда айрықша дымқылдық; химиялық белсенді немесе органикалық орта; біруақытта екі жоғары қауіп жағдайы орын алады.

Сонымен қатар, электр жабдығы жарылыс қауіпті және өрт қауіпті орынжайларда орналасып, пайдаланылуы мүмкін. *Өрт қауіпті аймақ* болып орынжайдың ішінде не одан тыс жерде тұрақты түрде немесе ауық-ауық кезде жанатын заттар түзілетін кеңістік аталады. *Жарылыс қауіпті аймақ* болып газ, жанғыш шаң не талшықтан жарылғыш қоспалар түзілетін немесе түзілуі мүмкін орынжайды немесе шектелген кеңістікті атайды.

Бақылау сұрақтары

1. Халықаралық бірліктер жүйесіндегі (СИ) физикалық шамалардың негізгі және қосымша бірліктерін атаңыз.

2. Электр техникасында қолданылатын электрлі, магниттік және механикалық шамалардың бірліктерін атаңыз және СИ жүйесінің негізгі және қосымша бірліктері арқылы өрнектеңіз.

3. Электр қондырғысы мен электр желісіне анықтама беріңіз және оларға мысал келтіріңіз.

4. Электр техникасының қандай негізгі заңдарын білесіз және олар не үшін қолданылады?
5. Тұрақты және айнымалы электр тоғы дегеніміз не?
6. Электр тізбегіндегі әлеуеттердің айырмасына анықтама беріңіз.
7. Қандай электр энергия көздерін білесіз? Оларға тән сипаттық белгілерді атаңыз.
8. Тұрақты және айнымалы тоқ тізбектерінің типтес электртехникалық элементтерінің атаңыз.
9. Электр тізбегінің қуаттылығын қалай есептейді?
10. Үш фазалық жүктеменің «үшбұрышқа» және «жұлдызға» қосылуы сұлбасын сызыңыз және осы сұлбалардағы кернеу мен тоқтың желілік және фазалық мәндерінің арақатынасын көрсетіңіз.
11. Өз сипатына қарай ұқсас магниттік және электрлі тізбектерді атаңыз.
12. Кернеуі 1000 В-ға дейінгі электр жабдық қабықшаларының қандай қорғаныс дәрежелері бар және олар қалай белгіленеді?
13. Электр жабдығын климаттық тұрғыдан орындау және орналастыру санаттары қандай болады және олар қалай белгіленеді?
14. Адамның электр тоғы соғуының қауіп дәрежелеріне қарай қандай орынжай түрлерін білесіз?
15. Жарылыс қауіпті және өрт қауіпті орынжайлар дегеніміз не?

ЭЛЕКТР-ТЕХНИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

2.1. Диэлектрлік материалдар (диэлектриктер)

Электр-техникалық элементтер мен құрылғыларда қолданылатын материалдар диэлектрлік, жартылай өткізгіш, өткізгіш және магниттік болып ажыратылады.

Диэлектрлік болып тоқ өтуіне кедергісі көп электр-техникалық материалдар айтылады. *Электр-изоляциялық* деп – электр тізбектерін, элементтері мен құрылғыларын оқшаулауға арналған диэлектрлік материалдар (диэлектриктер) аталады.

Диэлектриктерге тән қасиет оларда күшті электр өрістерін құру және электр энергиясын жинақтау мүмкіндігі болып табылады. Бұл қасиет диэлектриктердің негізінде электр конденсаторларды құру үшін пайдаланылады.

Агрегаттық күйіне қарай диэлектриктер қатты, сұйық және газ тәріздес болады. Химиялық құрамына қарай органикалық диэлектриктер, яғни құрамына көміртек кіретін, және органикалық емес, яғни құрамында көміртек болмайтын диэлектриктер болып ажыратылады. Табиғи пайда болуына қарай табиғи және синтетикалық (жасанды), яғни табиғи шикізатты химиялық жолмен қайта өңдеу арқылы алынатын диэлектриктер кездеседі. Барынша таралған диэлектрлі материалдарға жататындар:

- талшықты (картон, қағаз, мата, лак-маталар);
- қабатты және слюдалық (текстолит, гетинакс, миканит, слюдинит, шыны текстолит);
- керамикалық (электрофарфор, термоконт, тиконт, стеалит);
- сұйық (минералды және өсімдік майлары, синтетикалық сұйықтықтар);
- электр-изоляциялық лактар мен эмальдер (майлы, кремний органикалық, глифт-майлы лактар мен сырлар).

Ысыту төзімділігі (рұқсат етілетін жұмыс температураларының деңгейі) бойынша диэлектрлік материалдар алты топқа бөлінеді (2.1-кесте).

2.2-2.8 кестелерде кейбір кеңінен пайдаланылатын диэлектрлік материалдардың деректері мен қасиеттері келтірілген.

Электр-изоляциялық материалдардың топтары

Ысытуға төзімділік санаты	Температура, °C	Қызушылығы бойынша осы классқа сәйкес келетін негізгі электр энергиясынан оқшаулағыш материалдар тобының
У	90	Целлюлозадан, мақтадан және табиғи жібектен жасалған талшықты материалдар, шылқылдатылмаған және сұйық электр-изоляциялық материалға тиелмеген
А	105	Целлюлозадан, мақтадан және табиғи жібектен жасалған талшықты материалдар, шылқылдатылған және сұйық электр-изоляциялық материалға тиелген
Е	120	Синтетикалық органикалық материалдар немесе олардың қарапайым үйлесімдері
В	130	Слюда, асбест және шыны талшық негізіндегі материалдар, органикалық тұрғыдан байланыстырушы және шылқылдатушы құрамдармен қолданылады
F	155	Слюда, асбест және шыны талшық негізіндегі материалдар, синтетикалық тұрғыдан байланыстырушы және шылқылдатушы құрамдармен үйлесімде қолданылады
Н	180	Слюда, асбест және шыны талшық негізіндегі материалдар, кремний органикалық тұрғыдан байланыстырушы және шылқылдатушы құрамдармен үйлесімде қолданылады, кремний органикалық эластомерлер
С	180-нен астам	Слюда, керамикалық материалдар, шыны, кварц немесе олардың үйлесімдері байланыстырушы құрамдарсыз немесе органикалық емес және элементі органикалық құрамдармен қолданылады. Бұл материалдарды қолдану температурасы олардың физикалық, химиялық, механикалық және электрлік қасиеттерімен анықталады

Диэлектрлік материалдардың қасиеттері

Материал	Тығыздық, кг/м ³	Электр беріктік 20°C жағдайында, кВ/мм	Ылғал сіңірушілік 24 сағатта, %	Нормаланатын температура, °C
Асбест	2100 ... 2800	2,4 . 4,6	2 . 4	500 ... 600 (рұқсат етілетін)

Материал	Тығыздық, кг/м ³	Электр беріктік 20°C жағдайында, кВ/мм	Ылғал сіңірушілік 24 сағатта, %	Нормаланатын температура, °C
